



EGEMEN QAZAQSTAN

Өңірде туризмге өріс кен

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жобасы қолға алынғаннан бері туристік индустрияны дамыту ісі жаңа серпін алды. Бұған қоса, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2018 жылдың 6 қыркүйегінде Қарағанды облысына жасаған сапары барысында өңірдің өсу нүктелерінде және бірінші кезекте 10 туристік нысанның картасына енген Балқаш аймағында ірі халықаралық іс-шараларды жеке капиталды тарта отырып өткізуді және өңірдің туристік мүмкіндіктерін жақсарту бойынша шаралар қабылдауды тапсырған болатын.



Осы тапсырманың қорытындысы бойынша маусым айында екі ірі іс-шара – Балқаш аймағындағы курорттық аймақ нысандары бойынша ақпараттық тур және «Balkhash Tourism-2019» халықаралық туристік форумы өткізілді. Іс-шара үлкен назарға ие болды. Оның жұмысына ішкі және көшпелі туризмді дамытуға маманданған республика өңірлерінен және шетелдерден, соның ішінде Ресей Федерациясынан, Өзбекстаннан, Моңғолиядан және Гонконгтен 80-ге жуық туроператор қатысты.

Гонконгтың атынан туристік салада мамандар даярлайтын Гонконг политехникалық университеті менеджмент және туризм мектебінің оқу бөлімінің жетекшісі Тифани Ченг келгенін атап өту керек. Университет Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-мен ынтымақтастық орнатты, оның аясында екі апта бойы (7-20 маусым) Ақтоғай ауданында 29 студент екі оқытушының басшылығымен Қарағанды облысында экологиялық туризмді дамыту бойынша іс-тәжірибеден өтті. Осы уақыт ішінде олар Шабанбай би ауылындағы қонақ үйлерде тұрды.

Инфотур бағдарламасы өте мазмұнды болды. Ол Балқаш көліндегі теплоходта Бектауата шатқалы бойынша таныстыру экскурсиясын, кемелер шеруі, әуе жыландары фестивалі, ұлттық тағамдар фестивалі, йога бойынша шеберлік сыныбы, ұлттық стильдегі фотосессияны және т.б. қамтыды. Сонымен қатар қатысушыларға Балқаш және Приозерск қалалары, Ақтоғай ауданының Шұбартүбек және Тораңғалық кенттері кіретін «Прибалхаш» курорттық аймағының демалыс орындары мен үйлерімен танысуға мүмкіндік берілді.

Халықаралық туристік форумға қызмет көрсету саласындағы 250 кәсіпкер, отельерлер, әлеуетті инвесторлар, құрылыс компаниялары мен туроператорлар қатысты. VIP-қонақтардың қатарында Ресей Федерациясы елшісінің орынбасары Александр Андреевич Мусиенко, «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы төрағасының кеңесшісі Еркебулан Хасенов, «McKinsey&Company» халықаралық консалтинг компаниясының, қазақстандық қонақ үйлер мен мейрамханалар қауымдастығының, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері және ҚарМУ-дың проректоры болды.

Пленарлық отырыста қатысушылар 2019-2025 жылдарға арналған туристік саланы дамытудың мемлекеттік бағдарламасымен және Балқаш курорттық аймағын дамытудың мастер-жоспарымен танысты. Әлеуетті инвесторлар Балқаш жағалауындағы бос жер учаскелерінің бар-жоғы және «қарапайым заттар экономикасы», «Бизнестің жол картасы – 2020» және «Еңбек» бағдарламалары бойынша мемлекеттік қолдау шаралары туралы толық ақпарат алды.

Форум нәтижесінде туроператорлар мен демалыс орындары арасында шамамен 20 коммерциялық келісімшарт жасалды. Осылайша, Түмен және Омбы компаниялары Қарағандының «Павлин-Тур» туроператоры арқылы сегіз туристік нысанмен ынтымақтасуға ниет танытты.

Егер «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы туралы айтатын болсақ, онда Қарағанды облысының Ұлытау ауданына ерекше қызығушылық танытылады. Тұңғыш Президент өзінің «Рухани жағыру» бағдарламалық мақаласында әрбір халықтың, әрбір өркениеттің осы халықтың әрбір өкіліне белгілі жалпыұлттық сипатқа ие қасиетті орындары бар екенін атап өтті. Ұлытау ежелден ұлы қазақ даласының киелі қазынасы болып саналады.

«Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз.

Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ.

Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да

жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді.

Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды», деп атап өтті Н.Назарбаев.

Ұлытау өңірі туристификация картасының ТОП-50 нысандарының қатарына енді. Ол тарихи-мәдени, зияраттық, экологиялық және этнотуризмді дамыту үшін үлкен әлеуетке ие. Ұлытауда 600 түрлі ескерткіш бар. Олардың ішінде ең танымал және киелілері: Жошы хан кесенесі – атақты Шыңғысханның үлкен ұлы, Қазақ хандығының құрылуымен байланысты тарихтың ұлы оқиғаларының куәсі болған «Хан Ордасы» тарихи орны, ежелгі жартас өнерінің қызықты және қастерлі жауһарларын және басқа да тарихи-мәдени және киелі орындарды сипаттайтын Теректі әулие, Тамды петроглифтері.

Туризмді дамыту үшін республикалық бюджет қаражаты есебінен жалпы сомасы 546 млн теңгеге Визит-орталығының құрылысы кіретін іс-шаралар жоспары әзірленді. Мұнда келушілер көрікті жерлер туралы ақпаратты, туристік бағыттар мен мұражай бойынша экскурсияларды ұйымдастыруды қоса алғанда, толық қызмет кешенін ала алады.

Көлік логистикасы мәселесі шешілуде. Қасиетті нысандарға оңай жету үшін ұзындығы 233 шақырым болатын Қарағанды-Жезқазған-Ұлытау автожолы жөндеуден өткізілді. Өткен жылы Алаша хан, Жошы хан және Домбауыл кесенелеріне апаратын 35 шақырым жолға жалпы сомасы 695 млн теңгеге жөндеу жүргізілді. Ағымдағы жылы «Хан Ордасы» және «Алтын Шоқы» тарихи орындарына апаратын 20 шақырым автожолды жөндеу жоспарлануда. Қаржыландыру көлемі 803,6 млн теңгені құрайды.

Өткен жылы Ұлытау ауданына туристерді тарту үшін «Жезкиік» халықаралық музыкалық этнофестивалі өткізілді, оның аясында Ұлытау киелі жерлеріне туристік форум және туроператорлар үшін ақпараттық тур өтті. Осы жылдың маусым айында мұнда «Көкмайса» атты халықаралық этнофестиваль өткізілді, бағдарлама Ұлытау тауларына экскурсия, қолданбалы өнер бойынша шеберлік сыныптары, сондай-ақ ұлттық жарыстар мен конкурстарды қамтыды.

Қайрат Әбілда